



№50-51 (8989),
жұма, 29 желтоқсан
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ КОДЕКС ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ: ҮКІМЕТТІҢ 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЗАҢ ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ БЕКІТІЛДІ



ҚР Үкіметінің кезекті отырысында 2023 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының орындалу барысы және 2024 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының жобасы қаралды.

Әділет министрі Азамат Есқараев биылғы жоспарда ҚР Парламенті Мәжілісіне 32 заң жобасын әзірлеу және енгізу көзделгенін мәлімдеді. Оның ішінде бүгінде бес заң жобасына Мемлекет басшысы қол қойған, 20-сы Парламент қарауында жатыр, бес заң жобасы – Үкімет қарауында (Су кодексі, «ҚР аумақтық қорғанысы туралы», дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша және т.б. жобалар), тағы екеуі – мемлекеттік органдарда келісу сатысында (Құрылыс кодексі және оның заң жобасы).

Атап айтқанда, бизнес-

қоғамдастықпен тұжырымдамалық мәселелерді пысықтауға байланысты Су және Құрылыс кодекстерінің жобалары бойынша жұмыс жалғасуда. Сондай-ақ биыл жоспардан тыс 18 заң жобасы әзірленді, 70-ке жуық жекелеген түзетулер пакетіне бастамашылық жасалды.

2024 жылға арналған жоспар 18 құжатты әзірлеуді көздейді. Олардың қатарында мұрағат ісі және мәдениет мәселелері бойынша, сондай-ақ «Кәсіби парасаттылыққа тестілеу туралы» заң жобалары бар.

Премьер-Министрдің айтуынша, биыл қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, экономика және бюджет, медиа, сондай-ақ әлеуметтік саладағы заңнамалық бастамаларды іске асыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Жаңа жоспарды іске асыру кезінде заң жобаларын уақытылы енгізуге

ерекше назар аударған жөн. Сондай-ақ болжамдық-талдау жұмыстарын күшейту қажет», — деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы жаңа Цифрлық кодекстің жобасын, сондай-ақ инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері жөніндегі заңды әзірлеудің маңызын атап өтті.

«Аталған заң жобаларының қабылдануы IT-саланы дамытуға, перспективалық стартаптар санын ұлғайтуға, қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік береді», — деді ол.

Үкімет басшысының сөзінше, білім және ғылым саласын дамыту, сондай-ақ университеттерді орнықты қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Нысаналы капитал қоры туралы заң жобасы әзірленеді.

Құқық қорғау органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында кәсіби әдептілікті тексеру институты енгізіледі.

«Осылайша, мемлекеттік реттеудің өзекті міндеттерін шешуге қажетті заң жобаларын әзірлеу жоспарлануда. Заң жобаларын әзірлеу сапасы мен уақытылы ұсынылуына мемлекеттік органдардың бірінші басшылары тікелей жауапты екенін атап өтемін», — деді Әлихан Смайылов.

Қорытындылай келе, Үкімет басшысы Мемлекет басшысының, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министрдің заңнамалық тапсырмаларына мониторинг жүргізу, оларды әрі қарай әзірленіп жатқан заң жобаларына енгізуді қамтамасыз ету қажеттігін айтты.

primeminister.kz

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!



Ғұмыр, сәттілік пен бақыт тілеймін!
Жаңа жыл құтты болсын!

Ізгі ниетпен,
аудан әкімі Елдос АХМЕТОВ

УВАЖАЕМЫЕ
ЖИТЕЛИ РАЙОНА!

Новый год, как известно, мы встречаем, как отчетный период жизненного пути где ждем радости, хороших и приятных изменений в будущем у каравана времени, где определяем общие направле-

Жаңа жылды қашанда алдағы уақыт көшінен қуаныш, жақсылық, жағымды жаңалық күтетін өткен өмір жолымызға есеп беретін, келешек бағыт-бағдарымыз бен мақсат-міндетімізді белгілейтін, үміт, сенім мерекесі ретінде күтетіміз анық. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен аттағанды қалайды.

Ізгі істер, алдағы уақытта да өз жалғасын таба беретін болады. Ол үшін тек қана ауызбіршілік пен тұрақтылық керек деп есептеймін.

Халқымызда «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарлық» деген сөз бар. Өткен жылға өкпе жоқ, ал келер жылдан күтер үмітіміз де, тілер тілегіміз де жетерлік.

Барша Ескелді ауданының жұртшылығы осы жылды зор еңбек тартуларымен, ортақ мемлекеттік мүдде жолында жеке енегесімен айшықтап, үлес қосып келгендігі үшін ризашылығымды білдіремін.

Табалдырығымызды аттағалы тұрған ұлу жылы өрбір шаңыраққа тыныштық, игіліктер мен жақсылықтар әкелсін. Баршаңызға берекелі

ния, цели-задачи на будущее, как праздник надежды, веры. В этот день все человечество проанализировало прошлое, желает шаг за шагом в новый год с чистыми намерениями, в будущее с огромной верой.

Желаю чтобы новый год стал ярким и веселым, успешным и целеустремленным годом, где исполняются заветные мечты, чистые пожелания и намерения!

В будущем все добрые дела найдут свое продолжение. Для этого я считаю нужно лишь единство и стабильность.

У нас нет обиды на уходящий год, а надежды и пожелания мно-

го.

Все жители Ескельдинского района на пути реализации общих государственных интересов определили этот год своими трудовыми достижениями, личным примером, выражаю свою благодарность за вклад в развитие региона.

Наступающий год дракона пусть принесет в каждую семью мира, благополучия и добра. Желаю долгих лет жизни, удачи и счастья!

С Новым годом!
Елдос АХМЕТОВ,
С наилучшими пожеланиями, аким района

2024 ЖЫЛЫ 18 ЗАҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР - ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

ҚР Үкіметінің кезекті отырысында ҚР Үкіметінің 2023 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының орындалу барысы және ҚР Үкіметінің 2024 жылға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарының жобасы қаралды. Аталған мәселе бойынша әділет министрі Азамат Есқараев баяндама жасады.

Министрдің айтуынша, Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспары Парламент Мәжілісіне 32 заң жобасын әзірлеуді және енгізуді көздеген болатын. Жыл ішінде Жоспарға 7 өзгеріс енгізілді. 4 заң жобасы бойынша енгізу мерзімдері ауыстырылды, мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша заң жобасы алынғы тасталды және 8 жаңа жоба толықтырылды.

Қазіргі уақытта 32 жобаның бесеуіне Мемлекет басшысы қол қойды, 20-сы Парламенттің қарауында жатыр, бесеуі – Үкіметтің қарауында, екі заң жобасы – мемлекеттік органдардың келісуінде. Өз кезегінде министрліктердің қайта құрылуына, сондай-ақ бизнес-қоғамдастықпен тұжырымдамалық мәселелерді пысықтауға байланысты Су және Құрылыс кодекстерінің жобалары бойынша жұмыс жалғасып жатыр.

«Мемлекеттік органдар заң жобалау жұмысын нашар жоспарлағанына назар аударғым келеді, оның нәтижесінде мерзімдер жиі өзгеріп, Жоспардан алып тастау фактілері орын алды. Мысалы, Су кодексінің Жоспарға сәйкес енгізу мерзімдері екі рет түзетіліп, сондай-ақ Үкіметке мерзімі бұзыла отырып енгізілді», — деді Азамат Есқараев.

Бұдан басқа Жоспардан тыс 18 заң жобасы әзірленді, 70-ке жуық жекелеген түзету топтамасына бастамашылық жасалды, сондай-ақ бұл заң жобалау жұмысының тиісті дәрежеде жоспарланбағанын көрсетеді.

«Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мемлекеттік органдарға заң жобалау жұмысын жоспарлау кезінде болжамды талдамалық жұмысты күшейтуді тапсыруды сұраймын», — деді әділет министрі Азамат Есқараев.

Әрі қарай министр 2024 жылға арналған Жоспар жобасы туралы айтып өтті. Атап айтқанда, Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2024 жылға арналған жоспарының жобасы мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде әзірленіп, 21 қыркүйекте Заң жобалау қызметі жөніндегі ведомстваралық комиссияда мақұлданды.

Бастапқыда Жоспар жобасында 16 заң жобасын әзірлеу көзделген болатын. 7 қарашада оны таныстыру барысында негізгі өзгелері, сондай-ақ оларды әзірлеу негіздері баяндалды. Бүгінде Жоспарға шамалы өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Парламент депутаттарының ұқсас заң жобасы-



на бастамашылық жасағанына байланысты тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша заң жобасы Жоспар жобасынан алып тасталды. Архив ісі және мәдениет мәселелері бойынша және «Кәсіби парасаттылыққа тестілеу туралы» заң жобалары қосымша енгізілді.

Әділет министрінің айтуынша, ұсынылып отырған Жоспар жобасында Президент Әкімшілігінің ескертулері ескерілген. Пысықталған Жоспар жобасы 18 заң жобасын әзірлеуді көздейді, оның ішінде Парламентке бірінші жартыжылдықта үш, екінші жартыжылдықта 15 заң жобасын енгізу жоспарланып отыр.

«Аталған заң жобаларының консультативтік құжаттары ведомстваралық комиссияда мақұлданды», — деді әділет министрі Азамат Есқараев.

primeminister.kz

25 ЖЕЛТОҚСАНДА ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ



Сессия жұмысына аудан әкімі Елдос Тұрсынбайұлы Ахметов, мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік мекеме басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессияның күн тәртібіне төмендегідей мәселер қаралды:

1. Ескелді ауданының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті бекіту туралы;
2. Ескелді ауданы мәслихатының 2023 жылғы атқарған жұмыстары туралы;
Күн тәртібінде ұсынылған мәселелер толық қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

ЖШ АҚПАРАТ

ЕЛДІ МЕКЕНДЕР МЕН ҚАЛАЛАРДА МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ БЕКІТІЛДІ



кірістерін арттыру жұбасын іске асыру шеңберінде шағын несиелер алуға өтініш берушілерге мына азаматтар жатады:

- 1) жұмыссыздар;
- 2) дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз кіріс алу мақсатында тауарларды өндіру (өткізу), жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын тұлғалар

2023 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушысының №443 Бұйрығымен ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда шағын несие беру қағидалары бекітілді.

Шағын несиелер өтініш берушілерге мерзімі, төлеу, қайтару, қамтамасыз ету және мақсатты пайдалану қағида-шарттарын сақтай отырып, мынадай шарттарда беріледі:

- 1) шағын несие беру мерзімі – 5 (бес) жылға дейін, мал шаруашылығы жобаларына шағын несие беру мерзімі – 7 (жеті) жылға дейін;
- 2) шағын несиенің ең жоғары мөлшері 2 500 (екі мың бес жүз) айлық есептік көрсеткішке дейін, ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін – 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейін.

Бұрын алынған шағын несие бойынша міндеттемелерді толық орындаған үміткерлерді қайта несиелеу кезінде шағын несиенің ең жоғары сомасының

мөлшері 8 000 (сегіз мың) айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғаяды. Бұл ретте, шағын несие бағдарлама үміткерлерінің қайтарылған қаражаты есебінен беріледі, бірақ шағын несиенің ең жоғары мерзімінің 1/2 (бір екінші) бөлігінен ерте емес;

- 3) номиналды сыйақы мөлшерлемесі-жылдық 2,5%-дан (екі бүтін оннан бес) аспайды;
- 4) кепілмен қамтамасыз етудің болуы;
- 5) негізгі борыш пен сыйақыны өтеу жөніндегі жеңілдікті кезең шағын несиелеу мерзімі ұзақтығының 1/3 (үштен бірінен) аспайтын мерзімін құрайды;
- 6) шағын несие беруге мақұлдау алғаннан кейін Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық органдарында дара кәсіпкер ретінде тіркелу;

Елді мекендердің (өкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалалардың жеке және заңды тұлғалары ауыл халқының

және (немесе) әрекетсіз дара кәсіпкерлер;

- 3) отбасылық кәсіпкерлікте ақы төленбейтін қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;
- 4) сату (айырбастау) үшін жеке қосалқы шаруашылықта өнім өндіру жөніндегі қызметті өз бетінше жүзеге асыратын, табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұлғалар;
- 5) «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметін жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кооперативтері;
- 6) ісін жаңа бастаған және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлер.

«Ауыл Аманаты» бағдарламасын іске асыруға 2024 жылы республикалық бюджеттен 100 млрд теңге сомасында қаражат бөлінді, ол 16 мыңнан астам шағын несие беруге бағытталады. Бұл 17 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

gov.kz

АУДАН ӘКІМІНІҢ ШЫРШАСЫ ӨТКІЗІЛДІ

Аудан әкімі Елдос Ахметов бұлдіршіндерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Мерекелік шараға 150-ге жуық жеткіншектер қатысты. Балаларға дастархан жайылып, сыйлық берілді.

Аким района Елдос Ахметов поздравил детей с новогодним праздником. В празднике приняли участие около 150 подростков. Детям накрыли стол и подарили подарки.

ЖШ АҚПАРАТ



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ



Ескелді ауданы ауыл шаруашылық қызметкерлерінің төл мерекесін атап өтті. Салтанатты шараға еңбек ардагерлері мен ауыл шаруашылық қожалықтары, кәсіпорын басшылары қатысты. Аудан әкімі құттықтау сөзімен салтанатты шараны ашып, өз саласының үздік мамандарын, өз кәсібін алға дөңгелетіп жатқан жеке шаруа қожалықтарын алғыс хатпен, бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Атап айтсақ "Вахитов Р.Х" жеке шаруа қожалығының төрағасы Вахитов Рустам Хайруллаевичке "Мотоцикл" жеңіл көлігін, "Досанов К.С" жеке шаруа қожалығының төрағасы Досанов Қосан Сыдықұлына егістік алқаптарды арам

шөптерге қарсы гербицидпен өңдеуге және сүйек минералды тыңайтқыштарды шашуға арналған "Аспалы бүріккіш" техникасын, Дүйсенбинов А.Қ шаруа қожалығында мезанизатор жұмысын атқаратын Меросников Геннадийге телевизор және де жеке шаруа қожалықтарының жұмысшыларына бағалы сыйлықтар берілді. Сонымен қатар Көкжазық, Төлеңгіт, Сырымбет ауылдық округ әкімдеріне ынталандыру мақсатында қаржылай сыйлық берілді.

Ауданның ауыл шаруашылық саласы мемлекеттің қолдауының арқасында жаңа деңгейге көтеріліп, өңір экономикасын дамытуда. Айта кетейік, облыс бойынша жалпы қант қызылшасының өнімін Ескелді ауданы 60% құрады.

ЖШ АҚПАРАТ

РАЗВИТИЕ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА



В каждом из своих выступлениях Президент Касым-Жомарт Токаев подчеркивает, что особое внимание следует уделять сельскому хозяйству. Президент открыто говорит, что упущения и промедления в этом ключевом приоритете новый экономической политике недопустимы.

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в феврале 2023 года провел встречу с представителями аграрного бизнеса и поручил провести тщательный анализ состояния дел в сельском хозяйстве. Президент отметил, что есть позитивные сдвиги в укреплении продовольственной безопасности и это прежде всего заслуга тружеников села. Вместе с тем в сельском хозяйстве существуют ряд проблемных вопросов, которые

О решении законодательно закрепить запрет Касым-Жомарт Токаев заявил в феврале 2021 года, выступая на V заседании Национального совета общественного доверия. «Земельный вопрос всегда был очень важным для нашего народа. Это прочный фундамент и священный символ нашей государственности. Я неоднократно говорил, что казахстанская земля не может быть продана иностранцам. Слухи об этой проблеме нужно прекратить. Я решил, что это нужно сделать срочной законодательной инициативой президента. Поручаю законодательно запретить продажу, аренду сельхозземель иностранцам и иностранным юридическим лицам. Администрации президента следует разработать соответствующий законопроект», – сказал Токаев.

В целом принятие данного закона стало очередным свидетельством эффективности концепции «слышащего государства», показывая результативность конструктивного общественного и общенационального диалога, которые выступают одними из центральных элементов политического курса президента Токаева.

Таким образом, закон о земле, подписанный президентом Токаевым, – это один из шагов по проведению земельной реформы, нацеленной на повышение экономического благосостояния Казахстана.

Б.ТУКИБАЕВ,
глава крестьянского хозяйства

ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

За неисполнение либо ненадлежащее исполнение уведомлений об устранении нарушений выявленных камеральным контролем

За 9 месяцев 2023 года камеральным контролем охвачено 12 735 лотов на общую сумму 348,5 млрд.тенге. В результате контроля направлено 2131 уведомлений об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля.

За неисполнение либо ненадлежащее исполнение уведомлений об устранении нарушений предусмотрено административная ответственность.

Вместе с тем уполномоченным органом рассмотрена ответственность должностных лиц за неисполнение либо ненадлежащее исполнение уведомлений об устранении нарушений и составлены 58 протоколов об административных правонарушениях, предусмотренных частью 3 статьи 462 Кодекса на общую сумму 1086,8 тыс. тенге.

При этом, согласно ч.2 Примечания ст.207 КРКоАП «Должностное лицо не подлежит привлечению к административной ответственности, предусмотренной настоящей статьей, в случае самостоятельного устранения нарушений, выявленных по результатам камерального контроля, в течение десяти рабочих дней со дня, следующего за днем вручения проверяемому лицу уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля».

В соответствии с пунктом 2 примечания статьи 207 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» более 3-х тысяч должностных лиц освобождены от административной ответственности на сумму свыше 489 162,1 тыс.тенге.

ЕҢБЕКТИҢ ДАРА ТҰЛҒАСЫ



Екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың туғанына 117 жыл толуына орай

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан табар кемеңгерді», - деп ақиық ақын Илияс Жансүгіров айтқандай, жер жаннаты Жетісудың перзенті, ердің бірегейі колхоз өндірісінің аса көрнекті басшысы, дала академигі атанған, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың туғанына 117 жыл толды.

сайман мен қамыт-доғаға зәру болған колхозды миллионер деңгейіне жеткізіп,өзінің санылы ғұмырында «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанып, шаруашылық өндірісін дамытуда, ұдайы алдыңғы қатарда болған.Ол өзінің мақсатына жеткенше тыным таппайтын еңбекқор, арнамысқа, уәдеге, қайырымдылық атты рухани тәлімдерге бай тұлға болды. Оның дәлелі – алып тұлғаның екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, екі рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту КСРО медальдарымен және Халықшаруашылық жетістіктері көрмесінің үлкен Алтын медалімен марапатталуы, Республикада мал шаруашылығының және егіншіліктің еңбек сіңірген құрметті шебері деген атақтарының берілуі. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің 5-ші, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 3-ші және 4-ші шақыруларының депутаты болды, сондай-ақ бір колхоздан өзімен бірге 20 Социалистік Еңбек Ерлерін ертіп шығу Кеңестер Одағында болмаған жағдай.Сонымен қатар колхоз шаруашылығы бірнеше рет Бүкілодақтық, облыстық, аудандық жарыстарда жеңімпаздары атанды. Жоғары көрсеткіштері үшін бірнеше дүркін СССР халықшаруашылық жетістіктері көрмесінің алтын медальдарымен, 115 рет Құрмет грамоталарымен марапатталды және СССР жоғарғы Советі Президиумының жарлығы бойын-

ша ауылшаруашылық өндірісін дамытудағы үздік табыстары үшін колхоз Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды. Нұрмолда Алдабергеновтың елге сіңірген еңбегі қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың, жазушылар Сәуірбек Бақбергенов, Мұқамежан Мырзақұлов, Құттыбек Баяндин, Ұзақбай Доспанбетов, Ораз Исмайылов, Сұлтан Жанғөбектегінің еңбектерінде жан-жақты қамтылды. Кеңес Одағының, тәуелсіз Қазақстанның энциклопедияларына енгізілген және мерзімдік басылымдарда, очерктер эсселер жарияланды. «Әрбір ісі маңызды, жақсылыққа бастаған, тудырған талай аңызды, осындай біздің жақсы адам»- деп жырлаған Сәбит Мұқанов «Аңыз адам» атты эпостық поэмасын арнаған екен. Шынында, Нұрмолда Алдабергеновтың туа біткен таланты, ел басқаруға жаратылған ер еді. Білімі аз болса да, өмірден тоқығаны мол азаматтығы мен еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық қабілеті, адамдармен лезде тіл табысып, өзіне үйіріп алатын кеңпейілділік қасиеті мен абыройлығы – оны дала академигі, аңыз адам дәрежесіне жеткізді. Міне, Нұрмолда Алдабергенов бұл жағынан да, қазақ халқының мақтанышына айналып, абыройы мәңгілік асқақтап тұрған еңбектің дара тұлғасы. Білім мен тәжірибенің озық үлгісін қалыптастырып «Өмір мен еңбек мектебінің» іргесін қалаған Нұрмолда Алдабергенов көп жасамаса да қызығы мен қиыны, талас-тартысы да мол қайшылықты заманда ғұмыр кешіп, социализм дәуірінің бұрқылдаған қазанында пісіп, шыңдалуының арқасында елін танып, туған халқының игілігі үшін ақырғы деміне дейін қызмет етіп, есімі аңызға айналуы бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

А.ЕСБОСЫНОВА.
Н.Алдабергеновтың мемориалды музейінің қор сақтаушысы

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ



Камералдық бақылаумен анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды орындамағаны не тиісінше орындамағаны туралы 2023 жылдың 9 айында камералдық бақылаумен жалпы сомасы 348,5 млрд. теңгеге 12 735 лот қамтылды. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 2131 хабарлама жіберілді. Бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін өкімшілік жауаптылық көзделген. Сонымен қатар, уәкілетті орган лауазымды адамдардың бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігін қарады және өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекстің 462-бабының

3-бөлігінде көзделген жалпы сомасы 1086,8 мың теңгеге 58 хаттама жасалды. Бұл ретте, ӘҚБтК ҚР 207-бабы 2-тармағына сәйкес «Лауазымды тұлға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар дербес жойылған жағдайда, тексерілетін тұлғаға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама тапсырылған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы бапта көзделген өкімшілік жауапкершілікке тартылуға жатпайды». «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 207-бабы 2-тармағына сәйкес, 3 мыңнан астам лауазымды тұлға 489 162,1 мың теңгеден астам сомаға өкімшілік жауапкершіліктен босатылды.

2023 ЖЫЛЫ ҮКІМЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАРАЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІ БАҒАСЫН ТҰРАҚТАНДЫРУ ТӘСІЛДЕРІ ТИІМДІЛІГІН ДӘЛІЛДЕДІ - С.ЖҰМАНҒАРИН



қорларының көлемі 51,6 мың тоннаны құрайды, бұл ұсынылатын қажеттіліктен екі есе көп. Сондай-ақ қарақұмық бойынша 13 өңірде қорлар ұсынылған қажеттілік нормасынан асып түседі», — деді Е. Тасжүреков. Кеңесте өңірлердің айналым схемасы аясында ауыл шаруашылығы тарауының өндірушілермен жасаған тікелей шарттарының көлемі 70%-ға дейін жеткізілгені айтылды.

Үкіметте өткен кеңесте 2023 жылы негізгі азық-түлік бағасын тұрақтандыру бойынша жүргізілген жұмыс қаралды. Алдын ала қорытындылар бойынша осы жылы қабылданған шаралар нәтиже көрсетіп отыр: 11 айда елдегі азық-түлік инфляциясы 7,5%-ды құрады, жалпы деңгейі 8,9% болған. Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин өңірлердің, салалық министрліктер мен ұйымдардың басшыларына жақсы нәтиже көрсеткені үшін алғыс білдіріп, келесі жылдың негізгі міндеті – жылдық инфляция деңгейін одан әрі төмендету екенін атап өтті.

«Биыл барлығы жақсы жұмыс істеді, бірақ қол жеткізілген көрсеткіштер 2024 жылы үшін жоғары болмақ. Нарық жағдайын және көкөніс қорларын броньнан алып та-

стауды мұқият қадағалау керек. Бізге қысқы инфляцияны ұстап тұру керек, әйтпесе оны кейіннен тұрақтандыру қиын болады», — деді вице-премьер. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков кезеңге арналған ӘКК тұрақтандыру қорларындағы негізгі азық-түлік қорлары туралы айтып берді. Бүгінгі таңда 174,1 мың тонна (100,6 мың тонна картон, 25,6 мың тонна пияз, 22,6 мың тонна қырыққабат, 25,1 мың тонна сәбіз) көлем жиналды. Бұл АШМ ұсынған осы кезеңдегі сұраныс деңгейінен 20%-ға артық. Күрші бойынша өңірлер 18,5 мың тоннаға келісімшарттар жасасты, бұл ұсынылатын көлемнің 92%-ын құрайды. Оның 66,6%-ы – Қызылорда облысының өндірушілерімен жасалған келісімшарттар. «Қант бойынша ӘКК

ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШЫН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

1. ЭЦҚ КІЛТІ КОМПЬЮТЕРГЕ КОСЫҢЫЗ
2. СЕРТИФИКАТТЫ ТАҢДАП, ҚИТЯ СӨЗДІ ТЕРҢИЗ
3. ҚЫЗМЕТ ТҮРІН ТАҢДАҢЫЗ
4. ҚАЖЕТТІ МӘЛІМЕТТЕРДІ ТОЛТЫРЫП, ҚЫЗМЕТТІ АЛҢЫЗ
5. ЭЦҚ КІЛТІ ҚАЙТАРЫП АЛҢЫЗ

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР!
ЕНДІ СІЗДЕР АРНАЙЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШТАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ӨЗІҢІЗГЕ ҚАЖЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛА АЛАСЫЗДАР. БҰЛ ТИІМДІ, КЕДЕРГІСІЗ ӨРІ УАҚИТТЫ ҮНЕМДЕЙДІ.

ANTIKOR e.gov

Алдабергенов қызметтерді көрсету ауылдық округінде, жер тәртібі туралы ақпаратқа қатынастары саласындағы халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Алдабергенов ауылдық округі өкімінің мемлекеттік қызметтерді қағидаларды бекіту туралы 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына сәйкес көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен мемлекеттік қызметтердің 5 түрі көрсетіледі.

- Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу
- Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
- Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
- Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
- Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру.

Мемлекеттік

көрсету тәртібі туралы ақпаратқа халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Алдабергенов ауылдық округі өкімінің аппараты ғимаратында, стендте көрінетін жерде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қағидалары орналастырылды, сондай-ақ халықтың өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істеп тұр. Әкімшілікте «Электрондық үкімет» пен egov.kz порталдарында жер учаскесіне алу үшін қажетті құжаттарды қабылдау және қартидерді қолдану электрондық-сандық қолтаңбаны ашу қажеттігі және картридерді қолдану тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ электрондық мемлекеттік қызметтердің мүмкіндіктері айтылып жеткізілуде.

АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

АҚША ҮНЕМДЕЙ ОТЫРЫП 2024 ЖЫЛҒА ҚАЛАЙ САҚТАНДЫРЫЛУҒА БОЛАДЫ?



2023 жыл да аяқталуға жақын. МӘМС жүйесінде сақтандырылып үлгермеген азаматтар бұл мүмкіндікті жіберіп алмау керек. Олар желтоқсан айының соңына дейін жарна төлесе, жаңа жылмен салыстырғанда 9 000 теңге кем төлейді.

2023 жылы ең төменгі жалақы мөлшері 70 000 теңгені құрайды, яғни дербес төлеушілер ай сайын 3 500 теңге жарна төлейді (1 ЕТЖ-ның 5%) - немесе жылына 42 000 теңге. Банктер осы соманы ағымдағы жылдың соңына дейін

алдағы 12 айға жарналар ретінде қабылдайды. 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 85 000 теңгеге дейін өсетіндіктен, бұл төлем 51 000 теңгеге дейін ұлғаяды.

«Сақтандыру мәртебесін алу үшін өткен немесе алдағы 12 айларға төлем болу керек. Екінші жағдайда төлеушілер алдағы жылға мәртебе алады. Яғни, қазір алдағы бір жылға сақтандырылу үшін 2024 жылдың қаңтарынан желтоқсанға дейінгі аралыққа жарналар төлеп шығу керек», -

деді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» жеке және заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі департамент директоры Забира Оразалиева.

Осылайша, 2023 жылдың желтоқсан айында сақтандырылған мәртебесін алған дербес төлеушілер 9 000 теңге үнемдей алады. Қазақстандықтар үшін МӘМС жарналары мен аударымдарының мөлшері туралы толығырақ мыналардан біле аласыз.

Сақтандыру мәртебесін келесі жолдармен тексеруге болады:

- Qoldau247 мобильді қосымшасы
 - fms.kz ресми сайты
 - Telegram-дағы @SaqtandyryBot
 - 1414 байланыс орталығы
 - Datumed мобильді қосымшасы
 - Naluk мобильді қосымшасы
 - BCC.KZ мобильді қосымшасы
 - Kaspi.kz мобильді қосымшасы
 - egov.kz электрондық үкімет сайты
- «Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысу туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру» мемлекеттік қызметі арқылы.

EGOVMOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА «ҰБТ СЕРТИФИКАТЫ» ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТЫ ҚОСЫЛДЫ



ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен «Ақпараттық ұлттық технологиялар» АҚ бірлесіп, eGovmobile мобильді қосымшасында «Бірыңғай ұлттық тәстілеу сертификаты» жаңа цифрлық құжатты еске қосты. Ендісіз осы сандық құжатты eGovmobile қосымшасы орнатылған смартфонмен электронды түрде ұсына аласыз.

Ұлттық бірыңғай тәстілеу сертификаты әрбір пән бойынша ұлттық бірыңғай тәстілеу шеңберінде пайдаланушылардың алған балдары туралы ҰБДБ (ұлттық білім беру деректер базасы) ақпараттық жүйесіне алынған деректерді қамтиды. Цифрлық сертификатқа ұлттық тәстілеу орталығының электрондық цифрлық қолтаңба

сықойылып, оның дұрыстығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Қолданба IELTS, TOEFL сияқты халықаралық емтихандар бойынша ұпайларды бағалау мен есептеуді қоса алғанда, ҰБТ сертификаттарының кең ауқымын ескереді. ҰБТ сертификаттары сондай-ақ IB, ACT, SAT, A-Level сияқты халықаралық стандартталған тәстілердің сәтті өтуіне, сондай-ақ Назарбаев зияткерлік мектебінің түлектері мен ақылы оқуға немесе мемлекеттік білім беру бағдарламаларына қатысуға үміткерлерге байланысты ерекшеленеді.

«Цифрлық құжаттар қазақстандықтардың өмірінің ажырамас бөлігіне жақында айналды, бірақ олардың ыңғайлылығы мен пайдаланудың қарапайымдылығы оларды кеңінен қолдануға әкелді. Азаматтардың қажеттіліктеріне сәйкес біз цифрлық құжаттар тізімін үнемі кеңейтіп отырамыз. Мемлекеттік органдар мен табысты өзара іс-қимылдың арқасында біз осы тізімге ҰБТ сертификатын қостық. Бұл түлектерге ұлттық бірыңғай тәстілеу нәтижелерін ұсыну үшін цифрлық сертификатты пайдалануға мүмкіндік береді.», - деп Ұлттық ақпараттық технологиялар АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Конашкына патентті.

ҰБТ сертификатын табу үшін сізге қажет:

1. Қосымшаға кіріп, басты бетте «Сандық құжаттарды» басыңыз.
2. Құжаттар тізімін жаңартқаннан кейін сертификатты көруге болады.

Естеріңізге сала кетейік, егер ҰБТ сертификатының қолданылу мерзімі аяқталса, ол цифрлық құжаттар тізімінде көрсетілмейді, ал сертификаттың қолданылу мерзімі оны тапсырғаннан кейін келесі жылдың 31 желтоқсанында аяқталады. Сертификат иесі құжатты сұраған тарапқа оның түпнұсқалығын тексеруге QR код арқылы қолжеткізе алады.

Сандық құжат-түпнұсқа құжаттың аналогы. Қазіргі уақытта «Цифрлық құжаттар» сервисінде 30 құжат, оның ішінде жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, ҚР азаматының паспорты және басқалары бар.

Ескелді ауданында екі бірдей – Қайнарлы және Сырымбет ауылдық округтерінде блокты модульді әкімшілік ғимараты қолданысқа берілді. Бұған дейін әкімдік мамандары ауылдық мәдениет үйінің ішінде отырған болатын, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бюджеттен аталған нысандардың әрқайсысына толық абама тандыру жұмысымен қоса 50

млн. теңге бөлінді. Ғимараттарды 2 ай көлемінде «Qaz Datu Construction» ЖШС салып берді. Ғимараттардың әрқайсысының көлемі 150 шаршы метрден және оларда қызметкерге арналған қажетті құрал-жабдықтарымен қамтылған 7 кабинеттен бар.

Жалпы Қайнарлы ауылдық округінде 1363 тұрғын, ал Сырымбет ауылдық округінде 1780 тұрғын бар. Мемлекеттік қызметкерлер ауылдық

округтердің 3 мыңнан астам тұрғынына электронды ресми өтініш жазу, жер мәселелері бойынша енді жаңадан салынған әкімшілік ғимараттарында қызмет көрсететін болады. Мұнда электронды қызмет көрсету бұрышы да жұмыс істейді. Бұл бұрышта орнатылған компьютерден әр азамат «Электрондық үкімет» порталының өзіне қажетті анықтамаларын шығарып ала алады, сол сияқты басқа да элек-

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ КӨЛІГІНІҢ КІЛТТЕРІ ТАПСЫРЫЛДЫ



Бүгін Жетісу облысының медициналық ұйымдарының автопаркі 29 жаңа жедел жәрдем көлігімен толықты. Бұл үшін бюджеттен 750 млн. теңге шамасында қаржы бөлінді. Арнайы автокөліктердің кілттерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев тапсырды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Он үш аудандық және облыстық ауруханаға, сондай-ақ кардиологиялық орталыққа, көпсалалы балалар ауруханасына, психикалық денсаулық орталығына барлығы 29 автокөлік берілді. Бұл санитарлық автокөлік оттегі баллондарымен, оттегі қысымын реттегіштермен, инфузиялық жүйеге арналған кронштейндері бар леер-тұтқалармен, қолды дезинфекциялауға арналған диспенсерлермен, роликті арбалармен және басқа да қажетті заттармен жабдықталған.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев денсаулық сақтау мекемелерінің басшыларына автокөліктердің кілттерін тапсыру рәсімінде сөйлеген сөзінде халықтың денсаулығын нығайту, медициналық қызметтердің сапасын арттыру Мемлекет басшысының атқарушы органдардың алдына қойған басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

Ұлттық саулығы – мемлекеттің саулығы. Сондықтан бұл мәселеге біз тұрақты назар аударып, әрдайым қолдау көрсетіп келеміз. Атап айтқанда, медициналық нысандар салуға, арнайы құрал-жабдықтар сатып алуға, кадрларды оқытуға қомақты қаражат жұмсалуда. Биыл жергілікті бюджет есебінен 3,6 млрд. теңгеге медициналық жабдықтар са-

тып алынып, жабдықталу көрсеткіші 93%-ға жеткізілді. Өткен жылы бұл көрсеткіш 87% болған. Сондай-ақ медициналық кадр тапшылығы проблемасын шешу үшін келесі жылдан бастап өңірге келген мамандарға 5 млн. теңгеден 10 млн. теңгеге дейінгі мөлшерде біржолғы материалдық көмек көрсетілетін болады, - деді Б. Исабаев.

Атап өтсек, жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету және медициналық қызметтердің сапасын одан әрі арттыру үшін Жетісу облысында 67 жедел жәрдем бригадасы жасақталған (норматив – 10 мың тұрғынға 1 бригада). Шалғай аудандарда «103» бригадаларының уақтылы жетуі үшін қосымша 12 дислокация құрылды. «103» бірыңғай диспетчерлік қызметі ұйымдастырылды. Ол облыстың түкпір-түкпірінен қоңыраулар қабылдайды. Тәулік ішінде келіп түсетін өтініш саны 2 мыңға дейін барады. Сондай-ақ «103» бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметінің базасында тәулік бойы жұмыс істейтін call-орталық бар. Онда халыққа жоғары білікті медицина қызметкерлері кеңес береді.

Еске салсақ, биыл «Жедел жәрдем» әлеуметтік-қайырымдылық жобасы аясында қайтарымсыз негізде «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының қолдауымен өңірдің 5 аудандық ауруханасына «JAC Sunray 6С» маркалы жедел жәрдем көлігі берілген болатын. Бүгін облыстық жедел жәрдем автопаркі бюджет қаражаты есебінен сатып алынған тағы 29 жаңа автокөлікпен толығып отыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛДЫ

Электронды қызметтерді өз бетімен ала алады. Атап өтсек, Ақсу ауылдық округінің әкімдігіне де осындай жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Бұл кеңсе де өзіне-өзі қызмет көрсету

бұрышымен қамтамасыз етіліп, тұрғындардың мемлекеттік қызмет алуына қолайлы жағдай жасалған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



КӨКЖАЗЫҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ИЕСІЗ ДЕП ТАҢУ ҮШІН БЕРІЛЕТІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

№	Үй иесінің аты -жөні	Мекен-жай	Жаңа мекен-жай
1	Садыков Нурмолда	с. Малогоровка ул. Свердлова №1	с.Боктерли Шокай №1
2	Турлыгожанова Кульшара	с. Малогоровка ул. Свердлова № 6	с.Боктерли Шокай № 4а
3	Овчаров Александр Николаевич	с. Малогоровка ул. Свердлова №10	с.Боктерли Шокай № 6а
4	Медетпеков Морат	с. Малогоровка ул. Свердлова № 2	с.Боктерли Шокай №2
5	Вирченко Елена Николаевна	с. Малогоровка ул.Амангельды №2	с.Боктерли Амангельды № 2а
6	Бурлыбеков Абдуали	с. Малогоровка ул.Амангельды №3	с.Боктерли Амангельды №3а
7	Шевчук Прасковья Григорьевна	с. Малогоровка ул.Амангельды № 4	с.Боктерли Амангельды № 2 б
8	Овчарова Ульяна Федоровна	с. Малогоровка ул.Амангельды №6	с.Боктерли Амангельды № 2в
9	Турусбекова Нурзия	с. Малогоровка ул.Амангельды №12	с.Боктерли Амангельды №4а
10	Джанкулов Болат	с. Малогоровка ул.Амангельды №15	с.Боктерли Амангельды №13а
11	Шукурбаева Батен	с. Малогоровка ул.Амангельды №16	с.Боктерли Амангельды №12 а
12	Данкульбеков Ережеп	с. Малогоровка ул.Амангельды №22	с.Боктерли Амангельды №37а
13	Калачева Елена Даниловна	с. Малогоровка ул.Амангельды №24	с.Боктерли Амангельды № 37 б
14	Бейбосынов Адилхан	с. Малогоровка ул.Амангельды №27	с.Боктерли Амангельды №23 а
15	Шукурбаев Сакен	с. Малогоровка ул.Амангельды №33	с.Боктерли Амангельды №25а
16	Шакиров К	с.Тенлик ул.Дружбы №1	с.Тенлик Достык №1
17	Урманбаев Рифхат	с.Тенлик ул. Дружбы №6	с.Тенлик Достык №2
18	Агеев Александр Алексеевич	с.Троицк ул.Мичурина № 17	с.Кокжазык Курмангазы №24
19	Жиенкулова Бигайша	с.Троицк ул.Щорса №6	с.Кокжазык Бокина № 6

М.ЖУМАБАЕВ,
Көкжазық ауылдық округінің әкімі

ЖАҢА ЖЫЛ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАРСЫ АЛУ ДӘСТҮРІ

Жаңа жыл – барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді отбасылық мерекелердің бірі. Көптеген елде 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні тойланады. Sputnik материалынан осы мейрамның шығу төркіні, салт-дәстүрлері және басқа да қызықты деректер туралы білетін боласыз.

Жаңа жыл әр елде ұлттық салт-дәстүрге сай тойланады, десек те, алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген әсем шырша, тұн ортасында сағаттар соғып, Жаңа жыл келгенін білдіруі, шампан, жаңажылдық дастархан, сыйлықтар, ғажайыптар мен жақсылыққа сену – бәрімізге ортақ.

Жаңа жыл қашан пайда болды? Ғалымдардың айтуынша, Жаңа жылды тойлау шамамен біздің дәуірімізге дейін 3000 жылы алғаш рет Месопотамияда басталған. Көне замандағы адамдар Мадрук құдай зұлымдық пен өлімді жеңді деп санаған. Сол себепті Месопотамия халқы жақсылықтың жамандықты жойғанына қуанып, бірнеше ай бойы тойлайды. Әртүрлі карнавалдар, маскарадтар мен шерулер өткізеді. Мейрам кезінде жұмыс істеуге, жазалауға және сот шешімін шығаруға тыйым салынған.

Уақыт өте келе бұл дәстүрді мысырлықтар мен гректер жалғастырып, содан соң римдіктер мен өзге халықтарға тарай бастайды. Ежелгі Грекияда Жаңа жыл жазғы күн тоқырауы – 22 маусымда тойланып, шарап құдайы – Диониске арналған. Гректердің жыл санауы Олимпиада ойындарынан басталды.

Көне заманда Жаңа жыл қалай тойланды? Бірнеше ғасыр бойы Көне Мысырда шілде-қыркүйек айларында Ніл өзенінің арнасынан асуы аталып өткен. Осы бір аса маңызды кезең жаңа егін маусымының басталуын білдіретін. Ніл өзені суының қиесі бар деп сенетін мысырлықтар Жаңа жылды тойлаған кезде Нілдің «қасиетті суын» құмыраларға құйып алатын болған. Ырым бойынша Нілдің суы ескі-құсқыны шайып жібереді. Сол кезден бастап жаңа жылда ән айтып, би билеу, мерекелік дастархан жайып, бір-біріне сыйлық жасау дәстүрі басталыпты.

Жаңа жылдың салт-дәстүрлері Жаңа жылдағы ең басты дәстүр – үй ішіне шырша қойып, ойыншықтармен безендіру. Алғашқы безендірілген шыршалар қазіргі Франция аумағындағы Эльзаста 1605 жылы пайда болған, деп санайды тарихшылар. Кейін біртіндеп бүкіл Еуропа шырша безендіре бастайды, әлбетте, әуелі дәулетті адамдар мен саудагерлердің үйінде ғана пайда болған. XIX ғасырда барлық жерде шырша қою дәстүрге айналды.

SPUTNIK.KZ

БЛОГОДАРНОСТЬ

Благодарю Районному акимату, поселковий акимату, Карабулакскую среднюю школу, редакцию газета Жетісу Шұғыласы, Районо, Опеку, Загс С Наступающим Новым годом! Спасибо вам, здоровья и счастья

В.И.МАКШАНОВА

НАВАРЛАНДЫРУ

Ескелді ауданының пробацция есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтардың назарына! «Ескелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ 2022 жылдың 29 шілде айындағы Ескелді аудандық маслихаттың № 32-110 «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы негізінде пробацция есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты жан басына шаққандағы орташа табысы шегінен аспайтын жағдайда 15 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек бекітілгендігін хабарлайды.

Барлық сұрақтар бойынша және өтініш беру үшін «Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-не хабарласу қажет, телефон 3-00-62.

Для сведения граждан, состоящих на учете пробацции, освобожденных с мест лишения свободы Ескельдинского района! ГУ «Отдел занятости и социальных программ Ескельдинского района» сообщает, что на основании Постановления № 32-110 от 29 июля 2022 года Ескельдинского районного маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Ескельдинского района» для лиц, состоящих на учете пробацции и освобожденных с мест лишения свободы установлена единовременная социальная помощь, в связи с наступлением трудной жизненной ситуации в размере 15 МРП, при условии наличие среднедушевого дохода, не превышающего порога, установленного местными представительными органами в кратном отношении к прожиточному минимуму.

По всем интересующим вопросам и для подачи заявления необходимо обратиться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ Ескельдинского района», телефон 3-00-62.

«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации

предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru



“ЖЕТИСТІККЕ БІРГЕ ЖЕТЕЙІК”
SHOP NOW

-ҰБТ/КТЛ/МАССАЖ
-ФИТНЕС/9-ҚҰМАЛАҚ
-SPORT /ГИМНАСТИКА
-ШАХМАТ/ШАШКИ

@araibilim.karabulak

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистрарное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1238 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ